

Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінің 10 «ә» – сыныбының жылдық өтілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылы

Оқу жылдың аяғын 19 оқушымен аяқтадық. Оның 11 қыз, 8 ұл бала. Оның оқу озаты -3, оқу екпіндісі-7.

Оқу озаты: Болат Аяғөз, Қазымағанбетова Аяжан, Тәжіғалиева Арайлым

Оқу екпінділері: Ануаров Акниет, Әлекенова Жанелья, Бисенбай Ақжүніс, Дәкен Ұлпан, Игілікова Ботагөз, Қалымжан Гүлім, Жанболатқызы Дәулетханым



2023-2024 оқу жылында жыл бойында сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие құндылықтарының 3 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Оқу жылында сынып тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» жүзеге асырылды.

Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары құрылып жұмыстар атқарылды.

1. Ұлттық мүдде

Мақсаты:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл және Мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін Елінің тарихын құрметтейтін ұлттық мәдениетті дәріптейтін, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосатын, қоғам игілігі үшін қызмет ететін, ұлттық мұраға ұқыпты қарайтын, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болатын, Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеп, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайтын азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Тіл тазалығы», «Ахмет Байтұрсынов-Ұлт ұстазы», «Құқық басты-міндет», «Елім деп соғар жүрегім», «Рәміздер-мақтанышым», «Алаштың сөнбес жұлдызы-Мағжан Жұмабаев», «Спандияр Көбеевтің -165 жылдығы», «Оралхан Бөкейдің сара жолы», «Қазақ киносының саңлағы-Шәкен Айманов», «Қожа Ахмет Яссауи -930 жыл», «Туралықты тұғыр еткен -Төле би», «Рәміздерім-мақтанышым», «Ескерткіштерге тағзым», «Өз құқығыңды білесің бе?» «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні», «Терроризм және экстремизм зардаптар», «Вандализм-ұлттық мәселе», тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді.

Шаңырақтар арасында қоғамдық мектепішілік тәрбие жұмыстарын жасай отырып, «Болашақ» шаңырағына топтастық.

2. Ар-ұят

Мақсаты: Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, өзінің, отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінетін, ісіне адал болатын, адал еңбекті құрметтейтін, шешім қабылдай білетін және жауапкершілікті сезінетін Отбасының, өз ортасының абыройын асыратын, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болып, мейірімділік танытатын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін ұрпақты тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес, 10 «А» сыныбында сынып сағаттары өткізілді. Атап айтар болсақ, «Адалдық -ардың ісі» «Алғыс айту күні», «8-Наурыз», «Ұлт-достығы басты қазынамыз», «7 мамыр-Отан қорғаушылар күні», «Білімім-Отаныма» атты сынып сағаттары өткізілді.

3.Талап

Мақсаты: Жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай білетін, жеке және командамен жұмыс істей білетін, технологиялық және цифрлық дағдыларды білетін, білуге, жаңаны тануға құштар болатын, ақпараттық, ізденімпаз, жасампаз тұлғаларды қалыптастырып, сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Осы жоспарға

сәйкес, «Дені саудың жаны сау», «Телефонның зияны мен пайдасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Және осы екі сынып бірігіп, «Буллинг зардаптары» дебат өткізілді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Ғасыр кәсіреті-ЖТҚБ», «Кибербуллингтің зардаптары», «Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану» атты тақырыптарға сынып сағаттары өткізілді.

Және «Өз ағашыңды ек» акциясы жобасы аясында сынып оқушылары өз ағаштарын отырғызды, көшеттерін отырғызып, оларды қалай баптау керектігі жайлы мәліметтермен таныстырылды.


24- мамыр күні «Білімім Отаныма» атты сынып сағатымен қорытындыланып, «қауіпсіз жаз» ескертпелері бойынша түсіндіру жұмыстарымен жылды қорытындыланды.

Сыныптың жетістігімен қатар кемшілікте болып жатты. Сабақтан арасында себепсіз қалып қалуы, кешігіп келулері де болып жатты.


Кітапхана - дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап - білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор. Жалпы, оқушылардың кітапханамен байланысы сирегенімен жекелеген оқушылар жақсы жетістікке жеті, «Кітап ТІМЕ» кітап оқу байқауына сыныптап бірнеше оқушы атсалысып, Тәжіғалиева Арайлым бас жүлдені жеңіп алды. Оқу жылының аяғына қарай оқушылар кітапханамен байланыстарын қайтадан жақсы деңгейге көтерді.



Сыныбымызда әлеуметтік жағдайы бойынша оқушылардың барлық мәліметтері жылдың басында жасалып жинақталды.



Ата-аналар жиналыстары өтіп, сынып тоқсан сайын қорытындыларын жалпы ата-аналар жиналысында айтылып отырды. 9.02.2024 ата-аналар «Құмарлыққа бой алдыру тәуелділік құрдымы» ата-аналар қауымдасытығына жиналыс өткіздім, барлығы келіп қатысты. Ата-аналар жиналысы бойынша жылдық көрсеткіші:




Сыныптың 2024-2025 оқу жылына тәрбие жұмысының міндеттері тұр, өйткені осы жылды салыстыра отырып біз мына міндеттер мен мақсаттарды ескереміз.

Мақсаты: Дені сау ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер қасиеттерді сіңіру.

Міндеттері:

- рухани дүниесі бай, ұлтымыздың әдет-ғұрпын, ұлттық намысы бар ұрпақ тәрбиелеу;
- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық қасиет қалыптастыру;
- оқушыларды өнерге баулу, талғамдық, патриоттық тәрбие беру;
- салаутты өмір салтын сақтауға оқушыларды тәрбиелеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Класс жетекші



Г.К. Жақылықова